

**"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 909 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 3935 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 04 мамырдағы № 66 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 04.05.2016 № 66 қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауданының әкімі*

*Т. Мүсәпірбеков*

Абай ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "10" сәуірдегі  
№ 909 қаулысымен бекітілді

**"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі туралы**

**Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі) Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органы болып табылады, Абай ауданының аумағында жер қатынастары саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға басшылықты жүзеге асырады.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070100, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 14.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Мемлекет Абай ауданының жергілікті атқарушы органы тұлғасында "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

11. Осы Ереже "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Абай ауданының жергілікті

бюджетінен жүзеге асырылады.

13. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері: жер қатынастары сұрақтары бойынша мемлекеттің негізгі саясатын іске асыру.

17. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

2) жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлауға байланысты мақсаттары үшін жер учаскелерін беру жөніндегі аудандық атқарушы органның ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

3) Абай ауданының жер балансын жасау;

4) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

5) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

6) иесі жоқ жер учаскелерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

7) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

8) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

9) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

10) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

11) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

12) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

13) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

14) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) өз функцияларын орындау үшін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген құзырет шегінде қажетті ақпаратты сұрау;

2) "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан басшыларына қарауға ұсыныс енгізу;

3) "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес өткізуге бастамашылық жасау;

4) "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес беру;

5) жеке және заңды тұлғалардың ресми сұранымы болған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;

6) "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

19. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқару Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес Абай ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін көтермелеуді және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде бұйрық шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

4) "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

6) Абай ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен құрылымы шегінде "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің штат кестесін бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

8) ерлер мен әйелдердің олардың тәжірибелеріне, мүмкіндіктеріне және кәсіби дайындықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

23. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше көзделмесе, "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.